



"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 14 наурыздағы N 56-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған " Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" және " Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін;

2) ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді осы өкімнің 1-тармағында көрсетілген заңдарға сәйкес келтірсін.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі осы өкімнің орындалуын бақылауды жүзеге асырсын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң
2 0 0 7 ж ы л ғ ы 1 4 н а у р ы з д а ғ ы
N 5 6 - ө ө к і м і м е н
бекітілген

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2007.05.29. N 141 өкімімен.

Р/с N	Нормативтік актінің атауы	құқықтық	Аяқтау нысаны	Орындалуына жауапты	
-------	---------------------------	----------	---------------	---------------------	--

			мемлекет- т і к органдар	Орындалу мерзімі
1	2	3	4	5
1	Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін құру, жүргізу және пайдалану ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині (жинақтау), Қаржымині, АБА, Еңбекмині, ҰБ, СА	2007 жылғы наурыз
2	Жеке басты куәландыратын құжаттарды даярлау кезінде пайдаланылатын интегралдық микросхемаға қойылатын талаптарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині (жинақтау), АБА, ҰҚК	2007 жылғы маусым
3	Сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру, жеке және заңды тұлғалардың (филиалдар мен өкілдіктердің), сондай-ақ жеке кәсіпкерлердің сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру және бұрын берілген құжаттарын қайта ресімдеу өтініштерінің ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині (жинақтау), Қаржымині	2007 жылғы наурыз
4	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині (жинақтау), Қаржымині, АБА, Еңбекмині, ҰБ, СА	2007 жылғы наурыз
5	Сәйкестендіру нөмірін интегралдық микросхемаға енгізу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині (жинақтау), АБА	2007 жылғы маусым

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк

СА - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
ҰҚК - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК